

№3 педагогикалық кеңес хаттамасы

№3 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Балабақша мен әлеуметтік серіктестер (ата-ана, мектеп) арасындағы ынтымақтастық: баланың ортаға бейімделуін қолдау»

Мақсаты:

Балабақша мен отбасы, мектеп арасындағы өзара іс-қимылды күшейту арқылы баланың әлеуметке бейімделуіне, әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсетуге жағдай жасау.

Өткізілген күні: ақпан 2026 жыл

Өткізілген орны: Қызғалдақ тобы

Қатысқандар: барлық педагогикалық ұжым

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: меңгеруші А.Айсина

Хатшы: А.Нұрлыбай

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. «Әкелер мектебі» жобасы – отбасы рөлін нығайтудың бір жолы

Тәрбиеші: Е.Заксалькова

2. «Жас аналармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жүргізуде ескерілетін жайттар» іс-тәжірибе бөлісу

Тәрбиеші: Қ.Ходжаева

3. «Мектеп жасына дейінгі балалардың хореографиялық қабілеттерін дамытуда ата-аналармен ынтымақтастық орнату»

Хореограф: А.Муханбетова

1. «Әкелер мектебі» жобасы – отбасы рөлін нығайтудың бір жолы

Баяндамашы: тәрбиеші: Е.Заксалькова

Мазмұны:

Баяндамашы балабақшада іске асырылып жатқан «Әкелер мектебі» жобасының мақсат-міндеттерімен таныстырды. Жоба аясында әкелер балалармен бірге спорттық жарыстарға, шеберлік сағаттарына қатысып, ер бала тәрбиесінде ер азаматтың рөлін күшейтуге бағытталған. Әкелермен өткізілген «Менің әкем – батыр», «Отбасылық ағаш», «Әке кеңесі» сияқты іс-шаралар ата-аналармен ынтымақтастықты арттырып, балалардың отбасы алдындағы сенімін нығайтқан. Әкелердің балабақша өміріне қызығушылығы мен белсенділігі артқаны атап өтілді.

2. «Жас аналармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жүргізуде ескерілетін жайттар»

Баяндамашы: тәрбиеші: Қ.Ходжаева

Мазмұны:

Баяндамашы балабақшаға алғаш рет баласын әкеліп отырған жас аналармен жүргізілетін әлеуметтік-психологиялық жұмыстың маңызын ашып көрсетті. Баланың бейімделу кезеңін

жеңілдету үшін аналарға арналған кеңестер, психологиялық тренингтер, «Ана мен бала сағаты», «Сенімді қарым-қатынас» тақырыбындағы кездесу-сұхбаттар ұйымдастырылған. Жас аналардың ата-аналық мәдениетін қалыптастыру, сенім орнату, бірлесе әрекет ету арқылы балаға қолайлы бейімделу ортасын жасау жолдары баяндалды.

3.«Мектеп жасына дейінгі балаларда құқықтық сауаттылықты қалыптастыру»

Қазіргі қоғамда баланың құқықтық мәдениетін ерте жастан қалыптастыру – азаматтық сананың негізін қалау болып табылады. Мектеп жасына дейінгі кезең қалыптасатын маңызды кезең.

Сондықтан балабақшада балаларға өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, әділдік, жауапкершілік, құрмет сияқты құндылықтарды қалыптастыру өзекті мәселе болып отыр.

Қаулы:

1. «Әкелер мектебі» жобасы жалғассын, ата-аналардың белсенділігі арттырылсын.
2. Жас аналармен жұмыс барысында психологиялық қолдау бағытындағы тренингтер жиі өткізілсін.
3. Әлеуметтік серіктестік бағытындағы жұмыстар жылдық жоспарға сәйкес кезең-кезеңмен жүзеге асырылсын.

Хаттама төрайымы:  А.Айсина

Хатшы:  А.Нұрлыбай



